

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК және «Халықаралық Еуразия орталығы» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Осы меморандум Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК директорының м.а. Раиса Петровна Шер тұлғасында бірінші тараптан және «Халықаралық «Еуразия» орталығы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Зауре Тимурқызы Увалиева тұлғасында екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталады, балаларға қосымша білім беру мәселелерінде бұдан әрі өзара ынтымақтастық туралы екі жақты келісімдерін білдіреді және келесіні белгілейді.

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- балаларға қосымша білім беру, мәдениет, экология және кәсіпкерлік білімдері саласында ресурстарды тиімді пайдалану үшін жағдай жасау;
- тараптардың өкілдерін жұмылдыра отырып, балаларға қосымша білім беру саласында әртүрлі іс-шаралар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және азаматтық бірлігін нығай;
- жарнамалық презентациялар мен көрмелерді ұйымдастыру арқылы әр түрлі жобалар бойынша ақпарат алмасу үшін жағдай жасау;
- жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдарына өзінің құзыреті шегінде консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;
- тараптардың тақырыптық іс-шаралар өткізгені туралы ақпараттармен, сонымен қатар үшінші тарап өткізген іс-шараларға Тараптардың біреуі қатысқан жағдайда ақпараттармен алмасу;
- қосымша білім беру жүйесіндегі педагогтер үшін біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастыру мен өткізуге көмек көрсету.

Осы Меморандумның ережелерін орындауға қатысты қандай да бір Тараптың сауалы бойынша тараптар кеңестер өткізеді.

Осы Меморандумға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді. Тараптардың уәкілетті өкілінің қолы қойылады және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум екі жақ Тараптар қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және кем дегенде 30 күн бұрын екінші Тарапты ескерте отырып немесе бір Тараптың еркіне қарай, өзара екіжақты келісім бойынша екі тарап бұзбайынша жалғастырылады.

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК және «Халықаралық «Еуразия» орталығы» ЖШС әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудегі өзара тиімді іскерлік серіктестік бойынша нәтижелі ынтымақтастық туралы жоғарыда аталған міндеткерліктерін растайды.

Осы меморандум 2016 жылғы «___» _____ Астана қаласында әрбір Тарап үшін қазақ және орыс тілдерінде бірдей заңдық күшке ие, екі данада жасалған.

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігінің
«Республикалық қосымша білім
беру оқу-әдістемелік орталығы»
РМҚК

«Халықаралық Еуразия
орталығы» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі


Р.П. Шер
« 6 » *сентябрь* 2016 жыл




Увалиева З.Т.
« 6 » *сентябрь* 2016 жыл